

Осындай атпен Елордада тұңғыш рет мүмкіндігі шектеулі жандардың республикалық конкурсы өтті. Байқау түрлі номинациялар бойынша анықталды. Қызылордалықтар бұл бәсекеде өздерінің мықтылығын көрсетіп, жеңімпаздар қатарынан көрінді.



Ертен, 1 қараша күні Қызылорда қаласындағы Студенттер сарайында «Қайсар» футбол клубы өз жанкүйерлерімен жүздеседі. Жүздесу барысында команданың бірінші лигада кіші алтын медальға қол жеткізуіне байланысты ойыншыларды марапаттау рәсімі өтеді. «Қайсармен» бірге қуанышты бөлісуге келіңіз!

Сыр бойы



31

қазан
бейсенбі

2013 ЖЫЛ
№ 162 (1866 I)

Қызылорда облыстық газеті

1929 жылдың
1 шілдесінен шығады

www.syrboyi.kz

● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП

Мемлекеттік сатып алу тәртібі өзгерді

ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникация қызметінің «Казмедиа» орталығында өткен брифингте ҚР Қаржы министрі Болат Жәмішев 11 қазандағы Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы берген тапсырмалардың орындалуы туралы баяндады.

Үкіметтің 11 қазанда өткен кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев бюджеттің ігеруіне көлемі 150 млрд. теңгеден асқанын сыңға алған болатын.

Осыған орай өткізілген брифингте министр мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзғаны үшін бақылау нысандарының жіберген ұсыныстары негізінде 1351 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылғанын мәлім етті. Оның ішінде 13 лауазымды тұлға атқарып отырған қызметінен босатылған.

Ағымдағы жылдың өткен кезеңінде жіберілген ұсыныстар негізінде мемлекеттік сатып алудың 279 рәсімнің қорытындыларының күшін жою және қайта қарау жолымен мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзушылық жойылды.

Сотқа мемлекеттік сатып алу бойынша бұзушылықтармен өткізілген конкурстар қорытындыларының күшін жою және мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы 343 талап арыз берілді.

Бақылау іс-шаралары барысында анықталған бұзушылықтар бойынша іс жүргізу шешімін қабылдау үшін құқық қорғау органдарына 88 материал жіберілді.

Әкімшілік жаза 662 лауазымды тұлғаға қатысты 60,1 млн. теңге сомаға салынды, оның ішінде бюджетке 42,4 млн. теңге төленді.

Министр келіргені мәліметке қарағанда қаражатты толық ігеруіме мемлекеттік сатып алу кезінде жіберілген тәртіп бұзушылықтар әсер етіп отыр.

Мемлекеттік сатып алу туралы заң әлеуметке қатысты айтар болсақ, онда Министрлік мемлекеттік сатып алу мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына түзетулер енгізуді көздейтін заң жобасын әзірлеп қойды, ол қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 16 қазандағы №1099 қаулысымен Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілген.

Конкурста қатысуға берілген өтінімдерді кері қайтару жағдайларын қысқарту, оның ішінде тапсырыс берушілердің сыйбалас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауына мүмкіндік беретін алғышарттарды жою мақсатында заң жобасында әлеуетті өнім берушілер үшін үш күнтізбелік күні ішінде жетіспейтін құжаттарды жеткізіп беру не тиісінше жасалмаған конкурста қатысуға берген өтінімін өзгертіп жеткізу құқығын белгілеу ұсынылады.

«Осы түзету конкурстарды өтпеді деп тану жағдайларын қысқартты, сыйбалас жемқорлық құқық бұзушылықтарын қысқартты және әлеуетті өнім берушілер өз бағаларын ұсыну сатысында бәсекелестікті арттырады деп пайымдаймыз» - деп атап көрсетті Б.Жәмішев.

Сонымен қатар, тапсырыс берушілердің сапасыз тауарлар, қызметтер сатып алуы бүгінгі күні басты мәселенің біріне айналып отыр.

Осыған байланысты мынадай жаңалық ұсынылып отыр: әлеуетті өнім берушілер өз өтінімдерінде ұсынылған техникалық ерекшеліктерді бағалау кезінде тапсырыс беруші құратын сараптамалық комиссия тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) ең үздік техникалық ерекшеліктерін іріктеп алатын болады, оған әлеуетті өнім берушілер өз баға ұсыныстарын бере алады.

Бұл түзетудің нәтижесі тапсырыс берушілердің неғұрлым сапалы тауарлар/қызметтерді сатып алуы, сондай-ақ өнім берушілерді неғұрлым сапалы тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) беруге ынталандыру болып табылуы тиіс.

Бұдан басқа, конкурстық және аукциондық комиссиялардың құқықтарын күшейтті. Жеткізгіштің тиімділігін тексеру мақсатында жеңімпаз өнім берушінің таңдау кезінде мемлекеттік сатып алуы бірінші лауазымды тұлғаның таяуындауы көзделді. Мемлекеттік сатып алу бірінші лауазымды тұлғаның республикалық және жергілікті

деңгейлерде жұмыс істеуі болжамдалып отыр, оның құзыретіне тиісінше Үкіметтің/жергілікті атқарушы органдардың шешімдерімен анықталатын бюджеттік бағдарламалар бойынша конкурстық сатып алуы ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындау кіретін болады» - деп хабарлады Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің басшысы.

Осы түзету барлық белгіленген талаптарға сәйкес келетін өнім берушінің іріктеуді қамтамасыз етуге; тапсырыс берушілер мен сатып алудың орталық ұйымдастырушысы арасында өзара бақылауды күшейтуге бағытталған. Бирифингте министр «Жезқазған-Бейнеу» темір жол желісін салуға арналған шығыстарды қайта бөлу және ұлғайту қарастырылып отырғанын жеткізді.

Әлеуметтік салаға мән беріледі

Үкімет отырысы кезінде Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев жылжымайтын мүлік нысандарын сатып алу барысында оның бағасына тиісті бақылаудың жоқ екендігін сын тегіне алған еді. Президент теңдерде мердігерді таңдау кезеңінде төрешілік пен ысырапшылық басталатынын баса айтқан. Құрылыс бағасы өсуінің, инфляцияның шарықтап кетуінің бір себебі осында жатыр. Көбінесе біркелкі нысандар өртүрлі баға бойынша салынууда. Отырыста атап өтілгендей, Ақмола облысында 1200 орындық мектептің құны 900 орындық мектепке қарағанда 219 млн. теңгеге арзан бағаға салынған. Ақтөбе қаласында бір жылда бірдей мектептер құрылысы құнының айырмашылығы 130 млн. теңге болған, ал Атырау облысындағы бірдей емхана құрылысына жұмсалған шығын құнының айырмашылығы 400 миллион теңгеден асқан.

Қаржы министрі министрлік тарапынан Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша, 18,5 мың мемлекеттік мекеме мен кәсіпорындағы тиесілі алаңға ревизия жүргізіп, өзі жетекшілік еткен комиссия 567 мың шаршы метр аумаққа қатысты шешім шығарғанын тілге тиек етті. Министр хабарлағандай, 113 шаршы метр мемлекеттік мекеме ғимараттары әлеуметтік нысандарға берілді. Бұл ғимараттарда балабақшалар, шағын орталықтар, мәдениет үйлері, мектептер, медициналық мекемелер, спорттық ұйымдар, кітапханалар орналас-тырылған.

Жол ережесін бұзғандарға жаза ауырлайды

Бұл туралы «Казмедиа» орталығында өткен Орталық коммуникация қызметінің брифингінде ҚР Ішкі істер министрілігі, Әкімшілік полиция комитетінің төрағасы Игорь Лепеха мәлімдеді.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев 2013 жылдың 11 қазанында өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында жолдағы қауіпсіздік, Ішкі істер министрілігінің тиісті қызметтерінің жұмыс жүйесін жетілдіру мәселелеріне тоқталып, біркелкі бағыттар бойынша сын-ескертудер айтқан болатын.

Осыған байланысты «Казмедиа» орталығында өткен Орталық коммуникация қызметінің брифингінде ҚР Ішкі істер министрілігі, Әкімшілік полиция қызметінің төрағасы Игорь Лепеха «Жаңадан ұсынылған Қылмыстық кодекстің жол бойынша жол ережесін бұзу әкімшілік құқық бұзушылық емес қылмыстық жауапкершілікке өкіліп соқтырады. Алғаш рет жол ережесін бұзғандар үшін 500 АЕК көлемінде айыппұл немесе 6 айға бас бостандығынан айыру көзделген. Сонымен қатар, егер осы қылмысын тағы да қайтаса, жаза кінәлі түседі. Тіпті, 7 жылдан 20 жылға дейін айыпталуына қосып, қосымша тыйым салынатын болады», - деді И.Лепеха. Комитет төрағасы осы брифингте қараша айынан бастап елімізде «әмбебап полициялар» жұмысқа кірісетінін де хабарлады.

Оның айтуынша, қазір Президент тапсырмасы бойынша әкімшілік және жол полициясы саласын реформалау жұмыстары жүргізілуде. Барлық деңгейдегі құрылымдық бөлімшелерде «әмбебап полиция» көшу жұмыстары қолға алынды. Осыған орай, жол полициясы жұмыстарымен алдағы уақытта әкімшілік полиция комитеті айналысатын болады.

● ДІН ЖӘНЕ ӘЙЕЛ

ДӘСТҮРЛІ ДІНІМІЗДІҢ БЕРІК ДІҢГЕГІ

Студенттер сарайында ҚР Дін істері агенттігінің, ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссиясы, Қызылорда облысы әкімдігі мен Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың ұйымдастыруымен «Дін және әйел» тақырыбында республикалық форум өтті.

Форум жұмысына ҚР Президентінің кеңесшісі, ҚР Президенті жанындағы әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия төрайымы Гүлшара Әбдіхалықова, ҚР Дін істері агенттігі төрағасының орынбасары Марат Әзілханов және Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Ақмарал Әлназарова қатысты.



Шараның мақсаты қоғамның әр саласындағы әйелдердің басын қосу арқылы әйел құқығы, әйел мәртебесі, қазіргі әйел тұлғасы секілді ортақ мәселелерді талқылау, отбасылық құндылықтарды сақтай отырып, қоғамды рухани дамыту жолдарын іздеу, жастар тәрбиесі, оның ішінде қыз бала тәрбиесіне көңіл бөлу және қазіргі таңдағы діндер әйел келбетін айқындау мен дини фанатизмнен сақтандыру жолдарын анықтауға ықпал ету болып табылады. Жиында Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректоры Қылышбай Бисенов жүргізіп отырды.

Форумды облыс әкімінің орынбасары Ақмарал Әлназарова сөз

сөйлеп ашып, жиын жұмысына сәттілік тіледі.

— Елбасы Алаштың анасын атаған Сыр еліне баршаның қол келдініздер! Сыр өлкесі — қазақы қалпы, бабалар салты сақталған қасиетті өңір. Тәуелсіз еліміздің іргелі бір бөлігі ретінде Қазақстанның көркейіп, өркендеуіне өз үлесін қосып келе жатқан аймақ. Бүгінгі қоғамдағы басты мәселелердің бірі бұл — дін тәңірегіндегі аймақтық форумның. Сыр топырағында өтуі де біздің өңір мәртебесі биіктігінің бір дәлелі деп білемін. Отбасы, ошақ қасының берекесі, ата мен ана, үл мен қыз осы секілді құндылықтар халқымыз үшін қашан да қастерлі.

Өнегелік негіздерді сақтау, отбасылық құндылықтарды жаңарту, жас ұрпақты салауаттылыққа тәрбиелеу сынды өткір мәселелерде әйелдің рөлі ерекше екені белгілі. Әйелге аса маңызды жауапкершілік жүктелген. Ол — адамзат ұрпағын сақтау. Осы орайда әйелдің отбасындағы және қоғам мен мемлекеттегі рөлін биіктейтін маңызды мәселелерге айналып отыр. Ұлы аналар ұрпағының жалғасы — бүгінгі қазақ қыздары да қоғам өмірінің барлық саласына белсене араласып келеді. Қазіргі кезде біздің басты мақсатымыз — дәстүрлі дінімізді, салт-дәстүрімізді шынайы дәріптеумен қатар, жас ұрпақты имандылыққа, салауатты

жұмысына сәттілік тіледі.

Келесі кезекте мінбеге көтерілген ҚР Президентінің кеңесшісі, ҚР Президенті жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия төрайымы Гүлшара Әбдіхалықова форумға қатысушыларды құттықтап, жылы лебізін білдірді.

— Бүгін халқымыздың салт-тары мен дәстүрін қастерлеп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуде ерекше орны бар өлке — Сыр елінде өздеріңізбен кездескеніме аса қуаныштымын! Бүгінде өте маңызды мәселелердің бірі әйел және дін тақырыбындағы форумдарды биыл наурызда Алматы

қаласында бастап, еліміздің Батысы мен Шығысында, Орталық Қазақстандағы бірнеше мемлекеттік университеттерде жалғасын тапты. Өйткені біздің елімізде бүгінгі таңда жат діни ағымдар мәселесі өткір тұр. Міне, сол жат ағымдардан жастарымызды сақтау, олардың діни сауаттылығын арттыру кезек күттірмес мәселе болууда. Бұл орайда, әрине, отбасының ұйытқысы, шаңырақ шырақшысы — әйел-аналарымыздың орны ерекше болмақ. Ендеше, бүгінгі форумның маңызы да айрықша, — деп түйіндеді сөзін.

Мұнан соң жиылғандар ҚР Дін істері агенттігі төрағасының орынбасары Марат Әзілхановтың дәстүрлі дін, ондағы әйел адамның бейнесі тақырыбындағы баяндамасын тыңдады. Марат Әзілхановтың өз баяндамасында асыл дініміздің адами қасиеттерді сақтаудағы маңызы, дәстүрлі діндегі әйелдің орны мен хиджап мәселесі туралы жан-жақты өңімеледі. Жиын барысында сонымен бірге «Қазақ әйелі — қоғамның тәрбиешісі» тақырыбындағы «Дін істері агенттігінің Дини оқу орындарымен байланыс және дінтану сараптамасы басқармасының бастығы Айнұр Әбдірәсілқызының, «Исламдағы әйел-ананың орны» туралы Қызылорда қаласындағы «Айтбай» мешітінің найб имамы Марат Ұркімбаевтың, «Әлем діндеріндегі әйел мәртебесі» жөнінде Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің әлеуметтік және гендерлік зерттеулер ГЭИ директоры Зәмза Қодардың және «Дәстүрлі қазақ отбасындағы және ұрпақ тәрбиелеудегі әйел аналардың рөлі» бойынша Қорқыт ата атындағы ҚМУ профессоры Меруерт Аңсағановтың баяндамалары тыңдалды. Сондай-ақ, форум соңында Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті базасында құрылғалы жатқан «Қыз Жібек» клубының тұсаукесері өтіп, онда клуб жұмысы жан-жақты таныстырылды.

Айнұр БАТТАЛОВА.

Барша қызылордалықтарға қуанышты хабарды жеткізуге асықтық. Айдыңды Аралдың 14 жастағы тумасы, мөнерлеп сырғанаушы Элизабет Тұрсынбаева алдағы жылы ақпан айында Сочиде өтетін XXII қысқы олимпиада ойындарының көрсетілім сынағына қатысатын болыпты.

ОЛИМПИАДАҒА АЛҒАШҚЫ САПАР

Иә, ұлтымыздың атын шетелде жастайынан танытып, талантпен көпшілікті тамсандырып жүрген Тұрсынбаевтарды бүгінде біреу білсе, енді біреуінің бейхабар екені жасырын емес. Балғын спортшылар жайлы газетіміздің 2011 жылғы 6 тамыздағы нөмірінде «Қазақтың атын қадірлі еткен қос өрен» атты мақала жазған болатынбыз.

Қарашадағын білікті мамандардың көзіне түскен ағалы-қарындасты Тимур мен Элизабет бүгінде спорттың нағыз бекзат түрі саналатын мөнерлеп сырғанаудың хас шеберлеріне айналып отыр. Қос қанатының спортқа, оның ішінде мөнерлеп сырғанауға беімі бар екенін ерте байқаған ерлі-зайыпты Байтақ пен Пашахан балаларының талантын ұштап, тәжірибесін шынша мақсатында қазіргі таңда Мәскеу қаласында тұрып жатыр.

Ұлағатты ұстаздардан тәлім терген Тимур бірнеше дүркін республикалық және халықаралық жарыстарда топ жарып, жеті ұрпақтың өкілі ретінде атақты спортшылар бірге «Астана-Арена» стадионында Азия ойындарының алауын жағу мәртебесіне ие болды.

— Менің қызым 14-ке енді толатын болғандықтан Олимпиада ойындарының мөнерлеп сырғанаудан ересектер арасында өтетін негізгі жарысына жіберілген жоқ, — дейді Элизабеттің әкесі әрі менеджері Байтақ. — Сондықтан ол көрсетілім сынағына ғана қатысады.

Лиза қазір желтоқсан айының 5-і мен 8-і аралығында Жапонияда өтетін жасөспірімдердің әлемдік Гран-приінің финалы-



на дайындалуда. Ол таяуда осы Гран-придің Минскіде өткен кезекті кезінде екінші орыннан көрінген болатын. 2010-2012 жылдар аралығында қатарынан үш рет Қазақстан чемпионы атанып үлгерген Аралдың ақмаралы биыл Мәскеу қаласының біріншілігінде алына жан салмады.

Мөнерлеп сырғанаудан Олимпиада ойындары мен әлем чемпионы болуды армандайтын Лизаның енді канадалық жаттықтырушы Брайн Орсер баптайтын болады. Біз жерлестеріміздің Олимпиададағы алғашқы сапарына сәттілік тілейміз.

Бактыбай БЕРДІБАЕВ.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА.

● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП

Жол ережесін бұзғандарға жаза ауырлайды

Елбасы Н.Назарбаевтың айтқан сынынан қорытынды шығару үшін жасалып отырған жұмыстар қатарында жол сапасына қатысты да бақылау күшейтілетіні белгілі болды.

Автомобиль жолдарының жағдайына бақылау күшейтілді. Тексеру жұмыстары үнемі өткізіледі. Төраға айтуынша, тек ағымдағы жылы жолдарды күтіп ұстау жөнінде шамамен 9 мың ұйғарым беріліп, жауапкершілікке 1,5 мың лауазымды тұлға тартылған. Сонымен қатар, комитет төрағасы автомобиль жолдарында сак болуға шақыратын әлеуметтік роликтің орналасырылғандығын атап өтті. Аталған роликтер бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған.

Президент тапсырмасы орындала бастады

Көлік және коммуникация вице-министрі Мереке Пішембаев Астанада өткен ОКҚ баспасөз мәслихатында жолдардағы қауіпсіздік деңгейін арттыру мақсатында қабылданып жатқан шаралармен таныстырды. Атап өту керек, Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысы кезінде жол қауіпсіздігі мен Қазақстанның автокөлік жолының сапасын қатаң сынға алғаны белгілі. Мереке Пішембаевтың айтуынша, ең алдымен, қозғалысы қарқынды автожол учаскелері қолға алынған. 2020 жылға дейін шамамен 4 мыңдай шақырым тас жолды 1-ші техникалық санатқа, республикалық маңыдағы 7,2 мың шақырым тас жолды 2-ші техникалық санатқа ауыстыру жоспарлануда. Осыған орай, «Астана-Шүчінск» учаскесін мысалға келтіруге болады: бұл жол учаскесі 6 және 4 жолақты жол санатына ауыстырылғаннан кейін жолдардағы апат оқиғалары үш есеге, ал кісі өлімі 22 есеге қысқарып отыр. М.Пішембаевтың айтуынша, қазіргі таңда ведомство апатты оқиғалар кезіндегі арнайы қызметті шұғыл шақыру жүйесін енгізу жұмысын жүргізіп жатыр.

Салада ауқымды іс атқарылып жатыр

Мемлекет басшысының төрағалығымен өткен кеңейтілген Үкімет отырысында ағымдағы жылғы 9 айдың, оның ішінде әлеуметтік жаңғырту бағыты бойынша жұмыс қорытындысы қаралған болатын. Отырыста Мемлекет басшысы денсаулық сақтау саласына да қомақты қаржы бөлініп жатқанымен, әлі күнге дейін саладағы қызмет көрсету сапасы көңілден шықпай отырғанына баса назар аударған. Мысалы, өткен жылы 2145 адам, ал биыл 2273 адам жол апаты салдарынан көз жұмған.

Президент тапсырмасына сәйкес КР Төтенше жағдайлар вице-министрі В. Петров «Қазмедиа» орталығында өткен Орталық коммуникациялар қызметінің брифингінде салада атқарылып жатқан жұмыстармен таныстырды.

Қазақстан Республикасы Президентінің осы мәселені шешу бойынша тапсырмасын орындау, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2011-2015 жылдарға арналған «Қазақстан Республикасы» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі күре жолдық медициналық-күтқару пункттерін салу жұмысын жүргізуде.

Күрежол медициналық-күтқару пункттерінің негізгі мақсаты — жол-көлік оқиғалары кезінде зардап шеккен адамдарды «қауырт сағат» шегінде мамандандырылған көмек көрсету үшін емдеу-профилактикалық мекемелерге жеткізу болып отыр.

Бүгінгі күні 12 күре жолдық пункт құрылып, шұғыл медициналық көмек көрсетуде: Алматы облысында 4-ү («Тарпа», «Үшарал», «Жана арна», «Күртпе»), Қарағанды облысында 4-ү («Ақшатау», «Ақсу-Аюлы», «Балқаш», «Сарышаған»), Ақмола облысында 2-ү («Анар», «Маквис»), Жамбыл облысында («Шығанақ») және Оңтүстік Қазақстан облысында («Төрткөл») 1-ден, 2013 жылы 14 күре жолдық медициналық-күтқару пунктін пайдалануға беріледі, 2014 жылы тағы 14-і беріледі деп жоспарлануда.

Бригадалар оқиға болған жерге қолда бар санитарлық көлікте зардап шегушілерді эвакуациялауға мүмкіндік беретін медициналық-күтқару реанимобилінде шығуды жүзеге асыра отырып, күре жолдық пункттің «жауапкершілік аймағында» тәулік бойғы режимде жол апатына ұшырағандарға медициналық көмек көрсетеді.

Әрбір күре жолдық пункттің жауапкершілік аймағы күре жолдың әр бағытында 30 шақырымды және бригада шығуының нормативтік уақыты шақыруда алған сәттен бастап 2 минутты құрайды.

Мемлекеттік бағдарлама жүзеге асырылып жатқан екі жылда күре жолдық пункттер өз тиімділігін көрсетті. Апатқа ұшырағандарға көрсетілетін жәрдемінің сапасы мен жылдамдығы едәуір өсті.

● РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУ

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен 2013 жылғы 7 маусымда Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және олардың өмір сүру деңгейін жақсарту бойынша іс-шаралар жобасының шеңберінде өткізілетін, «Бәріміз бірдейміз — кемсітуді білмейміз!» атты Қазақстан Республикасының тарихындағы алғашқы конкурсының басталуы жарияланып, бұл конкурс қазан айына дейін жалғасын тапты. Бұл шараның мақсаты — қоғам өмірінің барлық салаларында мүмкіндіктері шектеулі адамдардың шығармашылық өлеуетін дамытуға және өзін-өзі танытуға жәрдемдесуге, қоғамға мүгедектерді өтене араластырудың тиімді тәжірибесін қолдануға қоғамдық назарды аудару.

Қазақстанда алғаш рет ұйымдастырылған байқау 10 номинация бойынша өтті. Оның ішінде «Үздік студент», «Кәсібінің үздігі», «Үздік би», «Ақылдылар», «Үздік жасампаз», «Алтын қауырсын», «Ең тату отбасы», «Үздік әлеуметтік жоба», «Үздік орындаушы» және «Үздік спортшы» номинациялары бар.

Байқауға республика бойынша 6 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі жандар қатысып, олардың 339-ы жүлделі орындарға ие болды. Қызылорда облысы бойынша «Бәріміз бірдейміз — кемсітуді білмейміз!» атты бірінші республикалық байқауға «Алтын қауырсын» номинациясы бойынша Әбілкасымов Нұрмұхаммед (Сырдария ауданы), Әділбек Әсел Серікбекқызы (Қызылорда қаласы), Жаксылық Нұрхан (Жанакорған ауданы), «Үздік би» номинациясы бойынша Қызылорда қаласындағы №6 құлағы нашар естілетін балалардың арнаулы (түзету) мектеп-интернатының естімейтін балалардан құралған «Балауса» бишілер тобы, «Үздік әлеуметтік жоба» номинациясы бойынша Джумадилаев Мурат Алимбаевич (Қызылорда қаласы) «Үздік жасампаз» номинациясы бойынша Нұштаев Максим (Шиели ауданы), Мағауиялы Шайхы-Ислам (Арал ауданы), «Үздік орындаушы» номинациясы бойынша: Сауранбек Айзала (Шиели ауданы), «Балауса» вокалдық тобы, №6 құлағы нашар естітін балалар мектеп-интернатының тәрбиеленушілері (Қызылорда қаласы), Тажединова Жәніскул Бахытқызы (Арал ауданы), «Үздік студент» номинациясы бойынша Ержан Гүлфариза Темірханқызы (Мәншүк Мәметова атындағы гуманитарлық колледжінің 2-курс студенті), «Кәсібінің үздігі» номинациясы бойынша Шүетов Мирамбек Омарұлы (Қызылорда қаласы), «Ең тату отбасы» номинациясы бойынша Нұртай Айбалта Галимжанұлы (Қазылы ауданы), барлығы 21 мүмкіндігі шектеулі адам қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

Атап айтатын болсақ, «Алтын қауырсын» номинациясы бойынша Әбілкасымов Нұрмұхаммед Қанатбекұлы 1 орынды иеленді.

«БӘРІМІЗ БІРДЕЙМІЗ — КЕМСІТУДІ БІЛМЕЙМІЗ!»



Нұрмұхаммед Қанатбекұлы 1978 жылдың 19 желтоқсанында Сырдария ауданы, Шіркейлі ауылында дүниеге келген. Жасынан-ақ денсаулығында кінәрат бары сезіліп, ДШП ауруынан ауыр түрі диагнозы қойылған. Құрбыларымен құлантайдай тебісін ойнамаса да, мектеп табалдырығын аттап, білім нәрінен сусындармаса да, ойы озық,

Сейсенбіде ҚР Премьер-министрі Сәрік Ахметовтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында 2014-2016 жылдарға арналған білім және ғылым саласы дамуының басым бағыттары және заң жобалау жұмыстарының 2014 жылға арналған жоспары мен заң жобалау жұмыстарының 2015-2016 жылдарға арналған перспективалық жоспарының жобалары таныстырылды. Селекторлық мәжіліске облыс өкімінің орынбасары Нұржан Әлібаев қатысты.

БІЛІМДІ ДАМУДЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

Айнұр БАТТАЛОВА

Үкімет отырысында бірінші болып білім және ғылым саласы дамуының басым бағыттары тақырыбында ҚР Білім және ғылым министрі Аслан Сәріңжов баяндама жасады.

Министр өз сөзінде бастауыш мектептің жаңа бағдарламасы 2015 жылға қарай енгізілетіндігін мәлімдеді. — Біз 2015 жылға қарай бастауыш мектептің жаңа бағдарламасын қолданысқа енгізу жобасын жөн санап отырмыз. Бұл — сапалы білім беруге қолжетімділік бойынша қала мен ауыл арасындағы тепе-теңсіздікті ресурстар орталықтарына қатысты ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу, қашықтан оқыту және шағнай орналасқан мектеп ұстаздарына әдістемелік көмек көрсету мәселелерін оңтайлы шешуге зор мүмкіндік береді, — деді министр. Сонымен қатар, ведомство басшысы орта білім беру сапасын көтеру үшін мектептік білім беру мазмұнын жаңарту, кадрлық әлеуетті, ең алдымен ауылдық мұғалімдердің әлеуетін күшейту, мектептерде басқаруды жетілдіру үшін оқу процесіне ана-ана, мектеп және қоғамды тарту жоспарланып отырғандығын атап өтті. Оған қоса, отырыс барысында қамқоршылық кеңестерін құру, жан басына шаққандағы қаржыландыруды енгізу мен мектептерде дербестік беру жолы да басым бағыттардың қатарына жататындығы айтылды. Сондай-ақ, білім беру мазмұнын жетілдіру үшін мектепке дейінгі оқыту жүйесінде

ең кем дегенде 30 пайыз жаңа дамыту бағдарламасын әзірлеу қажеттігі сөз болды. Яғни, бас ұстаздың айтуынша, барлық мектепке дейінгі мекемелер үшін хабарландыру тәртібін енгізу осы саладағы сапаны бақылауға зор мүмкіндік беретін көрінеді. Мектепке дейінгі білім берудің инфрақұрылымын дамыту және мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті ынталандыру бойынша шаралар ерте жастағы балалардың 80 пайызын тиісті білім берумен және тәрбиелеумен қамтылуын қамтамасыз етпек. Бұл ретте Аслан Сәріңжов орта білім берудің мазмұнын жаңарту Назарбаев зияткерлік мектебінің тәжірибесін пайдалану арқылы жүзеге асырылуы тиіс екенін және мектептік білім беру жүйесі оқушылардың өмірде бағдар табуға, табысты болуға көмектесетін дағдылар мен қабілеттерге негізделетінін атап айтты.

Білім және ғылым министрі еліміздегі кәсіптік білім беру саласын дамытуға қатысты басым бағыттарға да тоқталды. Оның айтуынша, елімізде техникалық және кәсіптік білім беру саласында Үдемелі индустриалық-инновациялық дамуың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, бизнес пен білім берудің әріптестігін күшейту және техникалық мамандық бойынша білім алуға тең мүмкіндіктер жасау басым бағыттары болып табылады екен. — Осыған орай, бүгінгі таңда ТЖКБ жүйесінде «Кәсіпкер» холдингі» табысты дамып жатыр. 2016 жылға дейін 16 оқу орнында 7 мыңнан аса және жұмыс берушілердің тапсырысы бойынша 9 мыңнан аса

адам оқытылатын болады, — деді ол.

Аслан Сәріңжов сондай-ақ, Ұлттық Бірыңғай тестілеудегі өзгерістер жөнінде де әңгімеледі. Оның айтуынша, оқушылардың білімін бағалауға арналған бірыңғай ұлттық тестілеу тестіне толыққанды жауапты, сонымен бірге әссе жазуды талап ететін сұрақтар қосылатын болады. Тестілеу оқыту бағытын және мектептердегі білім беру деңгейіне көшіруді айқындау үшін қолданылмақ. Бұдан бөлек, мектеп оқушылары оқу жылы ішінде бірнеше мәрте тест тапсыру мүмкіндігіне ие болмақ.

Мәжілісте сонымен қатар, «Кәсіпкер» холдингі» ҰАҚ Басқарма төрайымы Елдана Сәдуақасованың, «Назарбаев зияткерлік мектептері» АҚ басқарма төрайымы Күләш Шамшидинованың, Назарбаев университетінің вице-президенті Хадиша Дайырованың хабарламалары тыңдалды.

Үкімет отырысында күн тәртібіндегі мәселе, яғни, заң жобалау жұмыстарының 2014 жылға арналған жоспарының және Заң жобалау жұмыстарының 2015-2016 жылдарға арналған перспективалық жоспарының жобаларын таныстыру бойынша ҚР Әділет министрі Берік Імашев баяндама жасады.

Әділет министрлігінің жоспар жобасында 37 заң жобасын әзірлеу көзделген, бұл 2013 жылмен салыстырғанда 30 пайызға аз. Алдағы уақыттарда Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі ең көп — 10 заң жобасын әзірлейтін болса, Әділет, Индустрия және қана технологиялар министрліктері — 5, Өңірлік даму министрлігі — 4, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Сыртқы істер, Ауыл шаруашылығы, Қоршаған ортаны қорғау және Қаржы министрліктері 2 заң жобасынан әзірлейді. Сонымен қатар, ведомство басшысы жоспар жобасына енгізілген 8 заң жобасы Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыруға бағытталғанын атап көрсетті.

Мәжілісті қорытқан Үкімет басшысы Сәрік Ахметов жергілікті өкімдерге білім беру саласына, мұғалімдердің біліктілігін көтеру, түлектердің жоғары оқу орындарын бітіргеннен кейінгі жұмысқа орналасуына, мамандарды қайта даярлау мәселелеріне жіті көңіл бөлулі тапсырды.

СЫР САЛЫСЫНЫҢ БАҒАСЫ АРТТЫ

Өздеріңізге мәлім, Елбасымыз биылғы Жолдауында: «Ауыл шаруашылығын, әсіресе, ауыл шаруашылығы өніміне өсіп отырған жағдайдағы сұраныс жағдайында ауқымды жаңғырту қажет.

...Мен агроөнеркәсіптік кешеннің алдына — экологиялық таза өндіріс саласындағы жаһандық ойыншы болу міндетін қоямын» деген болатын.

Осы орайда Сыр елінің егінші-механизаторлары биылғы жылы бұрын-соңды болмаған алтын дәннен тау тұрғызып, ел-халық несібесін молайтуға сүбелі үлестерін қосты. Аймақтың басты дақылы — күрішке облыс басшысының қолдауы істің оң шешімін тауып, өркен жаяуына ықпал еткені анық. Осыған орай аймақта

күріш консорциумы құрылып, бағалы дақылды егудің бір гектарына берілетін субсидия көлемі 18 мың теңгеден 25 мың теңгеге өсті. Күріштің әрбір келісін 40 теңгеден кем қабылдамауға талап қойылды. Осы сала бойынша тағы бір құтқарлық іс ондаған жылдар бойы тұрап тұрған Жалағаш ауданындағы астық элеваторы іске қосылды.

Кезінде алпауыттай болған астық элеваторын «Агрохолдинг Байқоныр» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі меншігіне алды. Бүгінде элеваторға Жалағаш, Жанакорған, Жармақы, Сырдария ауданы егіншілері өз өнімдерін тапсыруда. Алдағы уақытта қалған аудандардағы шаруашылық иелері де элеваторға Сыр салысын өткізуге сұраныс жасауда екен.

Бүгінге дейін 2700 тонна күріш қабылдаған элеватор оның әр келісін 40 теңгеден алады.

Элеватордағы күріш ақтайтын дйірмен де іске қосылған. Қоймаға құйылған 1700 тонна күріш ақталып, шаруашылық иелеріне қайтарылып берілуде.

— Бүгінде, — дейді элеватор басшысы, — біздің өндіріс орнымызда 70 адам жұмысқа тартылған. Келешек элеватордың материалдық-техникалық жағдайын жақсартып, толықтай іске қоспақпыз. Сол уақытта 40 мың тонна Сыр маржанын қабылдап, тағы да 140-150 адамды жұмысқа тартпақпыз. Бұл — ертеңгі күннің болжамы.

Е.АҚҚАЛИПҮЛІ,
Жалағаш ауданы.



МАУСЫМҒА ТЫҢҒЫЛЫҚТЫ ДАЙЫНДЫҚ

Алдағы жылу маусымына «Қызылорда жылуэлектрорталығы» коммуналдық кәсіпорны бірқатар дайындық жұмыстарын тыңғылықты жүргізді. Кәсіпорынның негізгі және қосымша қондырғылары, қазандықтар, жылу жүйелері, ғимараттар жөндеуден өткізілді. Бүгінгі таңда оңтүстік қазандық жылу маусымын атқаруға дайын. Сонымен бірге, жылу жүктемесін көтеруге алты қазандық әзір. Осы алты қазандықтың жылу маусымы кезінде біреуі қосалқы режимде тұратын болады.

Орталықты және оның қазандықтарын отынмен қамтамасыз ету мақсатында газ жеткізу үшін «Қазтрансайма» акционерлік қоғамының Қызылорда филиалымен келісім-шарт жасалды. ҚР Мұнай және газ министрлігінің бекітілген кестесі бойынша орталыққа мазут жеткізілетін болады.

Сонымен бірге, жылу орталығы қазандықтары мен басқа да жылу мекемелерінің қондырғылары мерзімінде жөндеуден өткізілді. Белкөл қыстағындағы қазандық жөндеді. Бірқатар қондырғылар Мәскеу қаласындағы зауытта жөндеуден өткізілді.

Жылу қондырғыларын жөндеуден өткізуге және олардың кестесі сай дайындық сапына қойылуына мемлекеттік бюджеттен бөлінген қаржының көп септігі тиді. Өткен қыркүйек айында №1 қазандықты жөндеуге жергілікті бюджеттен тиісті қаржы бөлінген болатын. Қазіргі уақытта қазандыққа қажетті барлық қосалқы бөлшектер алынды. Тиісті серіктестіктермен келісімдер жасалды.

Қаланың жылу жүйелері бойынша ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сонымен бірге, кварталаралық және ішкі кварталдық жылу жүйелері жылудан сактау материалдарымен қымталды. Бұл өз кезегінде жылу температурасын сақтауға мүмкіндік берді. Жалпы ұзындығы 1,6 шақырымды қурайтын магистралды жылу жүйелерін қайта жарактандыру жұмыстары аяқталды. Үстіміздегі жылдың қыркүйек айының соңында барлық жылу жүйелерін сумен толтыру жұмыстары аяқталды. Суды химиялық тазалау цехы, өртке қарсы белгі беру және өрт сөндіру цехтарына жарактандыру жұмыстары жүргізілді. Арнайы комиссия тиісті бұйрыққа сәйкес ғимаратқа зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Қорыта айтқанда, «Қызылорда жылуэлектрорталығы» мемлекеттік-коммуналдық кәсіпорны бойынша барлық қазандықтар, қондырғылар және жылу жүйелері 2013-2014 жылдардың жылу маусымына қатысты жүктемелерді көтеруге дайын. Бұл маусымға жергілікті атқарушы билік пен кәсіпорын қызметкерлерінің тыңғылықты дайындалғанының айғағы болып табылады.

Саламат ҚАЛЖАНОВ,
Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Мемлекеттік энергетикалық қалағалау және бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысы.

ын байқауға қатысқаны үшін сертификат иегері;

Республикамызда алғаш рет ұйымдастырылып отырған «Бәріміз бірдейміз — кемсітуді білмейміз!» мүмкіндігі шектеулі адамдар арасындағы конкурста «Ақылдылар» номинациясы бойынша екінші орынды жеңіп алғаны үшін 250 мың теңге сыйақы берілді.

Облыстық жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы.

Облыстық Н.Бекежанов атындағы музыкалық драма театрында Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған «Ұрпақтар сабақтастығы» атты қайырымдылық концерті өтті. Оған соғыс және еңбек ардагерлері, музыкалық оқу орындарының оқушылары мен жалпы өнерсүйер қауым қатысты.

ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ ҮЗІЛМЕЙДІ

Еліміздің 18 қаласында үш жыл бойы дәстүрлі түрде өткізіліп келетін бұл жобаның мақсаты үлкендерді құрметтеп, бүгінгі бейбіт заманды сыйлаған соғыс ардагерлеріне алғыс білдіру болып табылады. Аталған жоба аясында тегін концерттер, шеберлік дәрістері ұйымдастырылып, ардагерлерге мерекелік әр алуан дәмдерлен сыйлықтар да таратылады. Бұл шаралар тізбегі биыл қазан мен желтоқсан аралығында Қызылорда, Жезқазған, Тараз және Түркістан қалаларында өтеді.

Қайырымдылық концертінде ҚР еңбек сіңірген қайраткері Тимур Орманшиев, «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театрының жетекші солисі Сүндет Байғожин, халықаралық байқаулардың лауреаты, Абай атындағы опера және балет театрының солисі Мейір Байнеше тыңдаушыларға еуропалық, орыс классиктерінің үздік шығармаларын орындап, халық әндерін шырқады.

«Рухани баю, кемелдену дегеніміз — осындай үлкен өнерпаздарының концертіне қатысып әдемі демалу. Әлемдік деңгейдегі өнер иелерінің қатысуымен концерт өңірімізде күнде өте бермейді. «Жасында бейнетін, қартайғанда зейнетін бер» дегендей, жас ұрпақтың ардагерлерге деген құрметі, концерт ұсынуы сол зейнеттің бір бөлшемі секілді көрінеді. Дариға Назарбаеваның бастауымен құрылған «Дегдар» гуманитарлық қоры игі шараларды жүзеге асыруда. Біздің алғысымыз шексіз», — дейді көрермен Бағида Аяпова.

«Дегдар» гуманитарлық қоры және «ЖТ» компаниясының қолдауымен ұйымдастырылып келе жатқан жоба аясында отандық классиканың жұлдыздары Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжінде фортепиано, баритон мен тенордан шеберлік дәрістерін өткізді.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА.

ҮЗДІК ПЕДАГОГ

СЕГІЗ ҚЫРЛЫ, БІР СЫРЛЫ АЗАМАТ

Бакдәулет Дербісәліұлының ел экономикасын арттыруға елеулі үлес қосатын жұмысшы кадрларын даярлау саласында жүргеніне отыз жылға жуықтапты. Сонау сексенінші жылдардың орта шенінде сол кездегі №9 кәсіптік-техникалық училищесіне басталған ұстаздық жолы күні бүгінге дейін сәтті жалғасуда. 2005 жылдан бастап №6 кәсіптік лицейде оқыту шебері, арнаулы пән және әдіскер-оқытушы болып қызмет атқарып келе жатқан Бакдәулеттің есімі қазір көпшілікке кеңінен танымал. Оны әріптестері де, кәсіптік білім саласының басшылары да мақтан тұтады. Оның себебіне көз жүгіртіп көрелік.

Б.Дурманов өзінің еңбек жолын алғаш бастаған кезінен-ақ кәсіптік салада маман кадрлар даярлауға белсене араласып келеді. Ұжым арасында беделді, еңбек жолын жаңадан бастаған жас мамандарға өзінің іс-тәжірибесін үйретуден еш жалықпайды. Жауапкершілігі мол, мінезі ашық, әріптестерімен тез тіл табыса алатын ұстаз Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінен алған білімін шәкірттеріне жеткізуде уақыттен санаспай еңбектенді. Соның нәтижесінде оның ұстаздық жолы да өзгеше үлгі етірілгені болып қалыптасты. Ізденімпаз ұстаз бірнеше рет республикалық, облыстық конференциялар мен семинарларға, педагогикалық оқулар мен байқауларға қатысты. Уақыт көшіне ілескен оқытушының ізденіспен жазған ой-тұжырымдары мен ғылыми еңбектері арнайы жинақтарға енгізіліп, республикалық және халықаралық деңгейде таратылды. Кей еңбектері облыстық, республикалық баспасөз беттерінде жарияланды.

Бакдәулет шығармашылықпен жүйелі айналысады. Ол мамандықтарға байланысты қазақ тілінде оқулықтар жазды, орыс тіліндегі оқулықтарды жинақтап, қазақшаға аударды. 2009 жылы Астана қаласындағы «Филиант» баспасынан шыққан «Электронтер» атты оқулықтан басталған кітаптар көші «Тігінші, Пішүші, Модельер», «Аспаз», «Ағаш шебері — құрылысшы», «Жылу техникасын жөндеу және пайдалану» атты еңбектермен толықты. Мақтанарлығы сол, бұл оқулықтардың барлығы дерлік республиканың кәсіптік-техникалық салалары мен оқу орындарында кеңінен қолданылады. Осы еңбектері үшін Бакдәулет Дурманов 2009 және 2010-2011 жылдары «Филиант» баспасының мадақтамасы мен арнайы дипломын иеленді және 2020 жылға дейін авторлық құқыққа ие болды. Сонымен қатар оның ғылыми еңбектері Сыр өңірінде шыққан «Шыңдалған ұжым» кітабына, облыстық білім басқармасы, облыстық білім беру қызметкерлерінің



біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтының ұжымдық жинақтарына енгізілген. Жоғары санатты оқытушы әрі тәлімгер-ұстаз Бакдәулет Дербісәліұлы жас жұмысшыларды үйретіп, тәрбиелеудегі қол жеткізген жетістіктері үшін «Еңбектегі үздік жетістігі», «Алтын дан», «Алтын қолды шебер» белгілерімен марапатталды. Білім саласында өткен облыстық түрлі байқаулардың жеңімпазы танылған тәжірибелі ұстаз бірнеше рет ҚР Білім және ғылым министрінің, облыстық білім саласының Құрмет грамоталарымен, облыс әкімшілігінің Алғыс хаттарымен, ал өткен жылы «Қызылорда облысының білім ісінің үздігі» медалімен марапатталды.

Ұлағатты ұстаз үшін биылғы жыл табысты әрі ерекше жыл болды. Бакдәулет Дурманов еліміз бойынша «Үздік педагог» атағын жеңіп алып, ҚР Білім және ғылым министрінің қолынан «Үздік педагог» медалі мен 1,7 млн. теңге көлемінде сыйақы алды. Сөйтіп ол өзі еңбек ететін Құрылыс және бизнес колледжінің айын онынан туғызды. Оның бұл табысына облыстың техникалық және кәсіптік білім саласының мамандары да қуаныш білдірді.

Өз жұмысына адал, әділетсіздікке төзбейтін Б.Дурманов колледждің саяси-қоғамдық өміріне де белсене араласады. Ол әрі сезімтал, адам тағдырына жанашырлықпен қарайтын сегіз қырлы, бір сырлы азамат. Оны біріміз мақтаныш тұтамыз. Өрдайым биіктен көріне беруіне тілектеспіз.

Гүлжахан НЫСАНҒАЛИЕВА,
Қызылорда құрылыс және бизнес
колледжінің өндірістік оқу шебері.

моындату, — дейді Арал аудандық кітапханалар жүйесінің директоры Гүлжамига Ильясова.

Мүмкін солай да шығар. Дегенмен, күрмеулі түйіндерді де жазырмайық. Мәселен, кітап қорын толықтыру облыстық кітапханадан жүргізіледі. Орташа есеппен жылына 13-14 мың дана кітап алынады. Том-том кітаптарды пойыз немесе автобуспен шалғайдағы Аралға жеткізу нәзік жандылар үшін өте ауыр екені даусыз. Әрі бұған қаржы қараламағандықтан кітапханашылардың қалтасына салмақ түсіреді. Ауылдық кітапханаларды компьютермен жабдықтаудың да кемшін тұстары бар. Дерекке жүгінсек, елді мекендегі кітапханалардың жеке жайда, ауылдық клуб жанында, түрлі ведомстволар мекемесінде орналасқандары да аз емес. Оларға күрделі жөндеуге қаржы бөлінбегендіктен жыл сайынғы жөндеу жұмыстарын кітапханашылардың өздері атқарады екен. Сондай-ақ, 1937 жылы салынған қалалық №1 Пушкин атындағы кітапхананың құлау қаупінде екендігі туралы кезінде баспасөз бетінде жарияланғанды да. Бірақ... әлі шешімін таппапты. Ауылдық кітапханаларда үй сыпырушы штаты жоқ. Қыс мезгілінде от жағушы да қарламағандықтан бұл жұмыстарды кітапханашылардың өздері атқаратына ұқсайды. Алайда, келешекте бөрі шешіледі деген сенім бар.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,
Арал ауданы.



Қазақстанның депозиттерге
кепілдік беру қоры

Банктердегі салымдардың
мемлекеттік кепілдігі

КЕПІЛДІК БЕРІЛГЕН ӨТЕМ СОМАСЫ

5 000 000 ТЕҢГЕГЕ ДЕЙІН



Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры
халықтың банктердегі салымдарын қорғайды

Депозиттерге кепілдік беру сұрақтары бойынша мамандардан кеңес алу: 8-800-080-10-20
Қазақстан бойынша қалалық нөмірлерден байланыс тегін
Депозиттерге кепілдік беру туралы барлық ақпарат www.kdif.kz сайтында берілген

«ҚАЙСАРДЫ» МАРАПАТТАУ РӘСІМІ ӨТЕДІ



Үстіміздегі жылы Қызылорданың «Қайсары» бірінші лигада ойнап, бірнеше тур бұрын Премьер-лигаға берілетін жолдаманы қалтаға басты. Доп долдасы барысында жерлестеріміз жоғары деңгейде ойын өрнегін көрсетті. Әрбір ойында жанкүйер сенімінен шығуға құшсалды. Соның нәтижесінде біздің

команда ұпай қорын молайтып, турнир кестесінде көшбасшылық тізгінді қолға алды. Биылғы маусымда бірінші орын алып, қарсыластарынан көп бойы ұзап кеткен «Қайсар» енді келер жылы үздіктер қатарында бақ сынайтын болады.

Ертең, 1 қарашада сағат 18.00-де облыс орталығындағы Студенттер

сарайында (облыс әкімшілігі ғимаратының жанында) «Қайсар» футбол клубы өз жанкүйерлерімен кездесу өткізеді. Шара барысында команданың Премьер-лигаға өтуіне байланысты шағын алтын медальмен марапаттау рәсімі жоспарланған. Футбол мерекесіне келіңіздер. Кіру тегін.

«ЗАҢ» КЕРУЕНІ АУЫЛДЫ АРАЛАП ЖҮР

«Халқым, заңды біл» аттас құқықтық акция аясында Жалағаш ауданының прокуроры Хадиса Жұмағұлова «Нұр Отан» партиясы, аудан әкімдігі, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар, аудандық ішкі істер бөлімі және бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен бірлесіп отырып аймақтағы елді мекен тұрғындарымен кездесулер өткізуде.

Заң керуені аудан тұрғындарына заң талаптарын егжей-тегжейлі түсіндіру, яғни азаматтардың құқықтық білім деңгейлерін көтеру бағытында жұмыс атқарады. Сондай-ақ құқықтары шектелген топтар анықталып, тұрғындарды толандырып

жүрген толғақты сұрақтарға тұшымды жауаптар беріледі. Айтқандай, осы кездесулер барысында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу негіздері де түсіндіріліп, оған жол бермеудің шаралары пысықталды.

Аудан прокуроры «Нұр Отан» партиясы Жалағаш аудандық филиалымен бірлесіп отырып, жеке және заңды тұлғаларды да қабылдау жүргізіп, олардың тараптарынан қойылған сұрақтарға жауаптар берді.

Е.АҚҚАЛИҰЛЫ,
Жалағаш ауданы.

ЖҰМЫС КӨЗІМЕН ҚАМТЫЛУДА

Қылмыстық атқару жүйесі қорғаныс облысы бойынша департаментіне қарасты ЗК-169/4 мекемесі Шіелі ауданының Тартоғай елді мекенінде орналасқан. Мекеменің басты міндеті сотталған қоныстанушыларды жұмысқа орналастыру болғандықтан, оларды мүмкіндігінше ақылы жұмысқа тартуға күш салынууда.

Үстіміздегі жылы «Еңбек» РМҚ «Еңбек-Қызылорда» филиалы арадағы келісім-шартқа байланысты сотталған қоныстанушыларды толық ақылы жұмыспен қамтамасыз етіп отыр. Сонымен қатар мекемеде ақылы жұмыспен қамтылған сотталушылар барынша мамандықтары бойынша жұмысқа орналастырылуда. Олар ҚР

Еңбек заңнамаларындағы нормаға сәйкес айлық жалақыларын уақытылы алууда.

Адам пайдалы еңбекпен айналысатын болса, оның жаман ойларды ойлауына уақытының болмайтыны анық. Қоғамдық жұмыстарға белсене араласатындары мекеме бастығының бұйрығымен марапаттауларға ие болып жатады. Осындай тиімді еңбек арқасында үстіміздегі жыл басынан сотталған қоныстанушылар арасынан үлгі тәртіптері мен саналы еңбектері үшін мерзімінен бұрын шартты түрде босатылып, отбастарына, ағайын-туыстарына оралулары біз үшін қуанышты жағдай.

Әрине, дәл қазіргідей қар-

жының тапшылығы қыспаққа алып отырған кезеңде жұмыс көзін табу да оңай деп айта алмаймыз. Соған қарамастан жергілікті өкілдіктермен қарым-қатынас жасап, екі жаққа да қолайлы мүмкіндіктер жасалды. Яғни, белгілі бір мамандықтың түрін игеру қоныстанушы үшін күні ертең еркіндікке шыққаннан кейін де құнын жоғалтпайды.

Ерінбей еңбек етсең, бойыңа

имандылық нәрі мен ізгілік шуағы

құйыла берері сөзсіз.

Бақыт ӘБДИЕВ,
ЗК-169/4 республикалық
мемлекеттік мекемесінің
аға инспекторы.

Мәзірі: www.syrboyl.kz

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ДИРЕКТОР

Аманжол ОҒАРБАЕВ

телефон бөлмесі 23-58-02
факс 23-58-37

Сыр медиа

Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР

Жұматәлі ӘБДІРАМАН

телефон бөлмесі 23-74-82

Бас редактордың

орынбасары

23-58-82

Жарнама бөлмесі

23-76-64

Бөлімдер:

рубрика және ақпарат - 23-76-34, 23-51-50

жаңалық - 23-72-38, 23-70-08

өлеңмен және саяхат - 23-71-70, 23-70-08

жарнама - 23-40-38, 23-78-50

өзекті-ақпарат - 23-51-06

заңгер - 23-54-20

компьютер орталығы - 23-77-45

корректор бөлмесі - 23-73-39

меншікті тілшілер:

Арал, Қызылорда

Жұматәлі Әбдіраман - 8724 38 2 34-07

Шәңгі, Жамбыл

Нұрмұқан Есмет - 8724 32 4 22-46

e-mail: syrboyl@mail.ru

site: www.syrboyl.kz

Газет Кеңесінің Республикасының

Мәдениет және ақпарат министрлігі

Ақпарат және мәдениет қорымен тіркелген.

Тірлену нөмірі: 121893-47, 27.08.2012 ж.

Ақпарат қорымен тіркелген болып та

танымал, қолданысқа ие және ықпалы мол.

Жарнама және ақпарат қорымен тіркелген.

Жарнама және ақпарат қорымен тіркелген.

Газет редакциясының орталығында

құралдар, "PRINT" баспаханасында баспа

ры Қызылорда қаласы, А.Бейтұрханов, 49.

Газеттің баспаханасы

"PRINT" баспаханасы - 27-24-84,

таралымына "Қазақстан" - 23-54-51,

"Сарыарқа-Пресс" - 27-82-84 нақты.

Регистрация нөмірі: 120008

Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 80.

Таралымы 21148

Тапсырма № 575